



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 79 (8342) Сенбі 15 тамыз 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ - БАСТЫ МІНДЕТ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ САЛАНЫҢ БІРІ. ОҒАН ҚОСА, АГРАРЛЫҚ СЕКТОРҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ ӨЗІ ЖІТІ БАҚЫЛАУЫНА АЛЫП, КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСІРГЕН ЕМЕС. СОЛ СЕБЕПТІ, БҮЛ БАҒЫТКА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫЛДЫРУ БАСТЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ БОЛЫП ТҮР.

Кеше, аудан әкімдігінің мәжіліс залында облыс әкімі Кәрім Көкірекбаевтың төрағалығымен жалпы жиын өтті. Күн тәртібінде өңірдегі ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту туралы мәселе қаралды. Ауыл шаруашылығы бағытындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында екінші деңгейдегі банктер мен қаржы институттары тарапынан шаруашылықтарды қаржыландыру және басқа да мәселелер бойынша туындаған өзекті мәселелерді талқылау, оны шешу жолдарын анықтауға қатысты өткізілген кенесте облыс әкімдігі ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Н.Нұржігітов баяндама жасады. Басқарма басшысы облыстың агроөнеркәсіп кешені саласына инвестиция тарту және мемлекет тарапынан бөлінетін субсидиялардың игерілуінің 2015 жылдың жеті айында атқарылған жұмыстары туралы жан-жақты айтты берді.



Өткен жылы «ҚазАгро» Ұлттық Басқарушы Холдингі АҚ Жамбыл облысындағы еншілес мекемелері арқылы жалпы 8 млрд. 949 млн. 500 мың теңгені құрайтын инвестициялық қаржы игерілген болса, биылғы жылдың алғашқы жарты жылдығының қорытындысы бойынша облыстың ауыл шаруашылығы саласында барлығы 7 млрд. 639 млн. 700 мың теңге көлеміндегі инвестициялық қаржы игерілген. Өңірде екінші деңгейлі банктер арқылы алты ай ішінде 1 млрд. 938 млн. 200 мың теңге несие қаражаты игерілген болса, облыстағы шаруашылықтардың өз қаржылары арқылы 735,0 млн. теңгенің 6 жобасы іске асырылыпты. Сондай-ақ баяндамашы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жамбыл облыстық филиалы арқылы барлығы 126 жоба, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің 195 жобасы, «Тараз» Әлеуметтік Кәсіпкерлік Корпорациясы» арқылы Байзақ ауданында жалпы құны 158,0 млн. теңгеге 4 жоба әртүрлі

бағдарламалар бойынша жүзеге асырылып, «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 2206 аналық бас және 96 асыл тұқымды бұқа, «Құлан» бағдарламасы арқылы 1419 бас жылқы, «Алтын асық» бағдарламасы бойынша облыс аудандарында 13 450 бас қой малы сатып алынғанын жеткізді. «Ырыс» бағдарламасы арқылы 12 сүт-тауарлы фермасын құру бойынша жұмыстар жүргізілсе, облыс шаруашылықтары қаржылай қолдау институттарынан басқа өз қаржылары есебінен де инвестициялық жобаларды жүзеге асырған.

Екінші деңгейлі банктердің өкілдіктері арқылы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған 10 жоба мақұлданып, жалпы сомасы 1 млрд. 916 млн. 700

мың теңге көлемінде несие қаражаты игерілген.

Осы тұста Н.Нұржігітов аталған қаржы институттарымен облыстың бес ауданы ғана тығыз жұмыс жүргізіп отырғанын, екінші деңгейлі банктер арқылы жалпы облыстың бірінші жарты жылдығында игерілген қаржы сомасы 25 пайызды құрап отырса да банктер мен тауар өндірушілер арасында орын алатын проблемалық мәселелерді көзденең тартты.

Банк өкілдіктері ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің құжаттарын қабылдап, қарау кезінде уақыттың созылуына жол беруі, кепілге қойылатын мүліктердің банктер тарапынан өте төмен бағалануы және банктердің ішкі ережелердегі кепілге

директоры Қ.Аралбекова, кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы басшысының орынбасары О.Ағабеков, «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» АҚ облыстық филиалының директоры Ө.Оразымбетов, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалының директоры Н.Сейтбековтер өз салалары бойынша хабарлама жасады.

Кенес қатысушылары тарапынан туындаған сауалдарға нақты жауаптар қайтарылған соң, облыс басшысы жинада көтерілген өзекті мәселелерді қолға алуды облыс әкімінің орынбасары Абдалы Нұрәлиевке және тиісті сала басшыларына тапсырды.



қойылатын талаптарының жоғары болуынан туындап отыр екен.

Өз кезегінде облыс басшысы Сарысу, Талас ауданы әкімдерінің орынбасарларынан аталмыш бағдарламалардың орындалмау себептерін сұрап, нақты тапсырмалар жүктеді.

Сондай-ақ кенес барысында облыстық кәсіпкерлер палатасының

Алқалы жиынды қорытындылаған облыс әкімі Кәрім Нәсбекұлы өңірде ауыл шаруашылығы мамандары мен тауар өндірушілерді облыстағы қаржылай қолдау қорлары және институттарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, облыстың ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне, дамуына өз үлестерін қосуға шақырды.

Марапатталды

«Аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Үкібаевтың 2015 жылғы 14 тамыздағы №24 өкімімен, «Спорт күні» кәсіби мерекесіне орай, ауданда спортты дамытуға қосқан елеулі үлесі және жастарды оған баулуға жетістіктері үшін Ж.Үшкөмпіров атындағы №1 балалар – жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы **Мақұлбеков Ғазиз Жексенбекұлы** және Ж.Үшкөмпіров атындағы №1 балалар – жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы **Молдабеков Серік Бекділдаұлы** Байзақ ауданының Құрмет грамотасымен марапатталды.

“ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ-2015”

«ЖАСҰЛАН-ФЛОРА» ЖЕҢІМПАЗДАР ҚАТАРЫНДА

Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығының жеңімпазын анықтауға арналған конкурстың және «Қазақстанның үздік тауары» атты республикалық көрме-конкурсы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазанындағы №194 Жарлығына сәйкес, сонымен қатар, отандық тауар өндірушілерді қолдау, отандық нарықты сапалы және бәсекеге қабілетті тауарлармен толықтыру үшін елімізде жыл сайын республикалық және өңірлік «Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауларын өткізіліп келе жатқандығы белгілі.

Жеке және заңды тұлғалардың отандық өнімнің сапасын арттыруға бағытталған қызметін жандандыру, Қазақстан нарығын жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өніммен толықтыруға жәрдемдесу, отандық және халықаралық стандарттар негізінде сапаны басқару мен қамтамасыз етудің қазіргі заманғы әдістерін кеңінен енгізуге алғышарттар жасау және оған жәрдемдесу, сапа проблемаларын шешу қажеттілігіне өнеркәсіптік, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың назарын аудару және халық арасында сапа идеясын кеңінен таныту басты мақсаты болып табылатын өңірлік көрме-байқауы осы аптаның сәрсенбесінде облыс орталығындағы



«Тараз-Арена» спорт кешенінде ұйымдастырылды. Облыстық кәсіпкерлер палатасының облыс әкімдігімен бірлесе ұйымдастырған іс-шарасына Тараз қаласы мен өңірдің аудандарынан келген 53 кәсіпорын қатысып, өздері өндірген өнімдерін ұсынды. Аталмыш шарада сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары А.Нұрәлиев Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында 2050 жылға қарай шағын және орта бизнес еліміздің ішкі жалпы өнімінің кемінде елу пайызын өндіріп, еселеп арттыруды міндеттегенін айта келе, кәсіпкерлерді бәсекелестікке дайын болуға шақырды. Өз кезегінде

облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Қ.Аралбекова 2006 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан өңірлік көрме-байқауы сапалы өнім өндіру арқылы тұтынушылардың көңілінен шығып жүрген кәсіпорындардың бәсеке алаңына айналғанын жеткізді.

Аталмыш шараға біздің өңірден бес бірдей кәсіпорын, атап айтқанда, «Тараз Құбыр Зауыты», «Rola-7», «Жасұлан-Флора» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен «Ақ ниет» және «Д.Жұмаев» жеке кәсіпкерліктері қатысып, көрме-байқауға өз өнімдерін ұсынған болатын. Тағайындалған қазылар алқасы үш аталым бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтады. «Өндірістік мақсаттағы ең үздік тауарлар» аталымы бойынша «Қазфосфат» ЖШС жеңімпаз атанса, жүлделі екінші орынды тараздық «Гимарат-Темірбетон» ЖШС, үшінші орынды мойынқұмдық Хантау цемент зауыты иеленді. «Халыққа арналған ең үздік тауарлар» аталымы бойынша «АрайСтройМаркет» ЖШС жеңімпаз атанды. Жүлделі екінші орын «Энерджи-Тараз» ЖШС-іне, үшінші орын байзақтық «Жасұлан-Флора» ЖШС-іне бұйырды. «Ең үздік азық-түлік тауарлары» аталымы бойынша тараздық «Та-Мак» ЖШС жеңімпаз атанды. Сондай-ақ жүлделі екінші орынға «Бурный ірімшік» зауыты көтерілсе, Тараздағы «Аханов» жеке кәсіпкерлігі үшінші орынға ие болды. Үш аталым бойынша жеңімпаз атанған кәсіпорындар Астанада өтетін «Қазақстанның үздік тауары -2015» республикалық байқауына қатысатын болады.

Өз тілшіміз.

ҰЛТ ЖОСПАРЫ. 5 РЕФОРМА ЖӘНЕ 100 ҚАДАМ

МАҚСАТ - ҰЛТ ЖОСПАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

ЕЛІМІЗДІҢ АЛДЫНА Қ О Й Ы Л Ғ А Н МАҚСАТТАРДЫҢ БІРІ – ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕГІ ЕҢ ДАМЫҒАН ОТЫЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТАРЫНА ЕНУ. БІЗ БҰЛ МАҚСАТҚА



елдімекен әкімдері халықтың көз алдында іріктеліп, мәслихат депутаттарымен сайланды. Қазақстанның талай жетістіктерге жету жолында мемлекеттік қызметкерлердің еңбегі қосқан үлесі салмақты.

Осы мақсатта аптаның бейсенбісі күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында бес

институционалды реформа баршамызды жан-жағымызға жаңаша көзқараспен қарауды міндеттейтінін, реформаны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының алғашқы 15 қадамы кәсіби мемлекеттік аппарат құруға және сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталғанын алға



ОТАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ӨРТ АРА ПТАНДЫРУ, ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ МЕЙІЛІНШЕ КӨПТЕП ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ, АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМУ ҚАДАМДАРЫМЕН БІРГЕ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІМІЗДІҢ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ АРҚЫЛЫҚОЛ ЖЕТКІЗЕТІН БОЛАМЫЗ. БҰЛ ОРАЙДА МЕМЛЕКЕТТІ ДАМУ ҚАДАМДАРЫНА НАЗАРБАЕВ БЕЛГІЛЕГЕН БЕС ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ «100 НАҚТЫ ҚАДАМДЫ» ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҢЫЗДЫ.

Мемлекеттік қызмет – әкімшілік құқықтың құрамдас бір бөлігі. Әлемдегі мемлекеттердің дамуына мемлекеттік қызметкердің қосар үлесі мен салмағы ерекше екені даусыз. Бүгінде еліміздің әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайы үздіксіз даму жолына түсті. Бірқатар ауылдық округтер мен

институционалды реформаны іске асыру бағытындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын талқылауға арналған жиын болып өтті. Аудан әкімі аппаратының жетекшісі Б.Ақбаевтың төрағалығымен өткізілген жиынға мемлекеттік қызметкерлер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Аппарат жетекшісі Бақтыяр Мұратұлы бүгінгі таңда жетілдірілуі қатан қолға алынып отырған мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері, талап-шарттары (Ережелері) Елбасымыз Н.Назарбаевтың бес институционалды реформасын жүзеге асыру міндеттерінен туындайтынын алға тарта отырып, кәсіби мемлекеттік аппарат құру, мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдерін жаңғырту, лауазымдық өсуді іскерлік қасиеттерге негіздеу заман талабы екеніне тоқталды.

Сондай-ақ жиын барысында аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және мемлекеттік құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы Қ.Исмаил баяндама жасады. Елбасы ұсынған 5

тартқан Қайрат Исмаил оның әрбіріне қысқаша тоқталып өтті. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметтегі мансаптық жоғарылау моделіне өту, министрлердің және жауапты хатшылардың өкілеттіктерін нақтылап бөлу жолымен мемлекеттік аппараттың дербестігін қамтамасыз ету, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап, еңбекке ақы төлеудің факторлы баллдық межесіне ауысу, мемлекеттік қызметшілердің нәтижелілігіне бағытталған тұрақты бағалауды және бонустарды төлеуді енгізу, мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заңды әзірлеу және мемлекеттік қызметшілерді кешенді аттестаттаудан өткізу туралы жан-жақты айтып берді.

Жиын қатысушылары тарапынан туындаған сауалдарға нақты жауаптар қайтарылғаннан кейін кездесуді аппарат жетекшісі Б.Ақбаев қорытындылап, әріптестерін Елбасы жүктеген міндеттерді іске асыру жолында біріге қызмет етуге шақырды.

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

Жақында аудан әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлер жасы толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Оны аталмыш комиссияның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С. Кенжебаев ашып, жүргізіп отырды.

“Балалар мен жасөспірімдердің демалуын, сауықтырылуын ұйымдастыру жөніндегі атқарылған жұмыстар” және “Аудандағы орта мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы”, “Мектепке жол” акциясын ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізу” мәселелері бойынша аудан әкімдігі білім бөлімінің бас маманы К. Үдєрова баяндады.

Баяндамашы аудан әкімдігіне қарасты білім беру мекемелерінің 28-і (64%) типтік, 16-ы (36%) ыңғайластырылған ғимаратта орналасқандығын, күрделі және ағымды жөндеу жұмыстары уақытымен өткеріліп жатқандығын, 44 мектептің 3-інің жылу жүйесі орталықтандырылған, 41-нің жылу жүйесі автономды (оның ішінде 26-сы қазандықтар арқылы жылытылса, 15-і пешпен жылытылады) екендігін, жылыту маусымына орай 3000 тонна қатты отын сатып алуға 35,9 млн.теңге бөлініп, бүгінге 610 тонна немесе 20,1%

жеткізілгендігін айтты. Ол сонымен қатар қазандықтардың дайындығы, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, өртке қарсы дабылқақыштар мен бейнебақылау камераларын орнату, балаларды тасымалдау жайын, «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру және өткізу жөнінде аудандық іс-шара жоспары әзірленіп бекітілгендігін, «Балаларға бірге көмек берейік!» деген үндеуімен аудан көлемінде өткізіліп жатқан шараның барысын тілге тиек етті.

Алынған мәліметтер бойынша 2014-2015 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасыларынан шыққан, жетім және қамқоршылықтағы балаларға жалпыға міндетті қор есебінен 325 балаға 2 млн.600 мың теңгеге спорттық киімдер мен аяқ киімдер, жейделер мен аяқ-киімдер, мектеп формалары алынып берілген. Ал демеушілер тарапынан 660 балаға 2 млн. 403 мың 400 теңгеге мектеп формасы, оқу құралдары мен ақшалай көмек көрсетілген. Жалпы 985 балаға қолдау жасалынған, - дей келе баяндамашы, - биылғы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясында 1000-ға жуық балаға көмек көрсету көзделіп отырғандығын мәлімдеді.

Бұдан соң сөз алған аудандық ішкі істер бөлімінің кәсіпкерлер толмағандар ісі жөніндегі топ жетекшісінің міндетін атқарушы, полиция капитаны Е. Бегалиев “Байзақ ауданының ішкі істер бөлімінде 2015 жылдың 7 айында есепке алынған балалар туралы” ақпарат берді.

Оның мәліметінше 2015 жылдың 7 айында профилактикалық есепке қылмыс жасаған және басқа да құқық бұзушылық жасағандары үшін 37 кәсіпкерлерге толмағандар есепке алынған. Оның 29-ы Байзақ ауданының мектеп оқушылары болса, 1 оқушы Тараз қаласындағы №50 мектептің оқушысы, ал 7-і колледж білімгерлері.

Ағымдағы жылдың жеті айында 14 кәсіпкерлерге толмаған жасөспірім есепке алынған. Оның 11-і мектеп оқушысы, 3-і колледж білімгерлері. Есептен осы кезеңде 14 кәсіпкерлерге толмағандар шығарылған. Оның 12-і мектеп оқушылары, 2-і колледж білімгерлері екен. Жалпы Ермек Бегалиев осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарды саралап шықты.

Комиссия отырысында бұдан өзге де мәселелер қаралды.

Алқалы жиынды қорытқан Сағындық Жұмағұлұлы күн тәртібінде қаралаған мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді.

Өз тілшіміз.

ТӘУЕЛСІЗ ЖӘНЕ ӘДІЛЕТТІ СОТ-УАҚЫТ ТАЛАБЫ

А. Назарқұлов,
Байзақ аудандық сотының судьясы.

Ата Заңымызда айтылғандай - биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесі – елімізде адам құқығы мен бостандығы сақталуының, қоғамдағы тұрақтылық пен дамудың қамтамасыз етілуінің бірден-бір кепілі. Ал қоғам кепілдік пен әділеттілік болғанда ғана дамып, өркендейді.

Судья – сот жүйесінде сот органының құрамына сайланған немесе тағайындалған лауазымды адам, сот билігін атқарушы, яғни судья – сот жүйесіндегі ең басты тұлға. Оған еліміз тәуелсіздік алғалы бері мемлекет тарапынан сот саласына барынша қолдау мен қамқорлық жасалып келеді. Сонымен қатар, талай реформалар мен өзгерістер де жүргізіліп жатыр.

Сот жүйесіндегі негізгі қозғаушы күш, басты тұлға судья болып табылады. Мұнда адамдардың құқығы мен бостандығы қорғалып, талай тағдырлар шешіледі.

Бүгінде елімізде судьялыққа үміткерлер саны өте жоғарғы көрсеткішті көрсетеді, ал судьялыққа үміткер барынша қатаң таңдау, іріктеуден, бірнеше сатылы сүзгіден өткізіледі. Елбасымыз, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев судьяның ары мен жанының таза болуы керектігін, сот жүйесінің халық алдындағы абыройы мен беделі, жұмысының сапасы мен деңгейі судьяның біліктілігіне, парасат-пайымына тікелей байланысты екенін әрдайым айтып, жыл сайынғы Жолдауларында, сонымен қатар соттың жұмысына қатысты басқа да сөйлеген сөздерінде назардан тыс қалдырмайды.

Ата Заңымыздың 77-бабында: «1. Судья сот төрелігін асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға бағынады. 2. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді», деп көрсеткен. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабының 3-тармағында: «Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады» деп нақты көрсетілген. Осыған байланысты судьялардан және жұртшылық тарапынан талайдан осы бапқа өзгеріс енгізіп, төменгі жас мөлшерін 30-ға көтеру

керек деген ұсыныс талай айтылып келеді.

Бәрімізге мәлім, таяуда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 5 институттық реформа «100 нақты қадам» Ұлт жоспары жарияланды. Аталған жоспарда сот жүйесіне көп назар аударылған.

Ұлт Жоспарының «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» деп аталатын екінші бағыты бойынша 11 қадамы сот жүйесін реформалауға бағытталған. Яғни, Елбасының жоспарланған шараларында сот беделінің мемлекет беделі екендігіне айрықша назар аударған. Мысалы, 16-қадамда азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі инстанцияларын оңтайландыру, бес сатылы сот жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшу туралы нақты да анық айтылған. Сонымен қатар, 17-қадамда судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін көбейту және біліктілік талаптарын қатайту, міндетті түрдегі талап - сот істерін жүргізуге қатысудың 5 жылдық өтілі, кәсіби дағдысы мен іскерлігін тексеру үшін ахуалдық тестілеу жүйесін енгізу, судьялықтан үміткерлер соттарда стипендия төленетін бір жылдық тағылымдамадан өту, бір жылдық тағылымдамадан кейін судья бір жылдық сынақ мерзімімен өту көзделген. Судьялардың есеп беру тәртібін күшейту, оларға қатысты жаңа этикалық кодексті қолданысқа енгізу, азаматтардың судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жанынан құрылған арнайы сот алқасына шағымдануын қамтамасыз ету мәселесі де назарға алынып отыр. Сонымен қатар, барлық сот процестерін дыбыс-бейне таспаларына жазылу арқылы өткізу міндетті түрде енгізу болып отыр.

Міне, судьялықтан үміткерлерді іріктеу кезінде жоғарыда көрсетілгендей қойылатын талаптың күшейтілуі және олардың өз қызметтеріне кіріскен кезде жауапкершіліктерін жоғарылатуға көптен көп септігін тигізетіні сөзсіз. Сонымен қатар, бұл жайт қызмет бабындағы судьялардың да біліктілігін тұрақты түрде арттырып отыруын қамтамасыз ететін болады. Өйткені, басты тұлға - судья өзінің адал қызметімен, кәсіби біліктілігімен соттың беделін өсіруі абзал.

Сот беделі – мемлекеттің беделі. Мемлекеттің бедел-абыройы қоғамның дамып гүлденуінің алғышарты. Ал халыққа керекті – тәуелсіз және әділетті сот.

ОСНОВНОЙ ЗАКОН НАШЕЙ ЖИЗНИ

Как известно, нынешний год ознаменован 20-летием принятия Конституции независимого государства Республики Казахстан. В связи с этим в Байзакском районном суде под председательством председателя суда Д.Тасыбаева, с участием сотрудников райсуда и представителей местных сельских округов, прошёл семинар, посвящённый этой знаменательной дате.



- Для каждого казахстанца, для каждого гражданина - это знаменательный год, в силу того, что Конституция является своеобразным паспортом любой государственности, - так начал своё выступление Д.Тасыбаев. - Мы привыкли говорить, что Конституция - это фундаментальный государственно-правовой документ, который определяет не только систему государственного устройства, но и ключевые вещи, права и обязанности граждан, обеспечение гарантии этих прав и свобод. Конституция является доказательством того, что государственность состоялась во всех аспектах её юридического оформления.

В ходе семинара выступившие также отметили достижения, успехи, которых достигла страна за 20 лет со дня принятия Конституции.

Наш корр.

ДІН ЖӘНЕ ЖАСТАР

ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕ КӨКЕЙКЕСТІ

Г. Әбдіқұлова,
«Ауыл жаңалығы».

ДІН-ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЖЫРАМАС ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА АТА ДІНІМІЗДІ ҚАДІРЛЕП, ОНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЖАСТАР БОЙЫНА СІңІРДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. ЖЕЛКІЛДЕП ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨРЕНДЕРДІ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ҚҰРЫҒЫНА ТҮСІП КЕТУДЕН САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДІНИ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ, ДІНИ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ САҚТАУ, ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ ТҮСІНДІРУ МАҚСАТЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТЫҚ ТОП АУДАНЫМЫЗДЫҢ БАРЛЫҚ ОҚРУГТЕРІНДЕ БОЛУДА.

Жуықта Жамбыл облысы әкімдігінің «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» КММ-нің бас

мұғалімі Қ. Бекмахан күн төртбінде тұрған өзекті мәселеге қатысты өзінің ойымен бөлісті.

Жүздесу соңында оған қатысушылар тарапынан туындаған сауалдарға жауаптар берілді.



БЕЙСЕНБІ КҮНІ ТҮЙМЕКЕНТ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ДІН ПРОБЛЕМАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» КММ-НІҢ МҰРЫНДЫҚ БОЛУЫМЕН ШАРА ӨТКЕРІЛДІ.



маманы Б. Алпысбаев өткен сәрсенбі күні Жалғызтөбе ауылдық округінде болып, жастармен кездесті.

Кездесуді «Жастар орталығының» нұсқаушысы Д. Майлиева ашты. Бұдан соң сөз алған Б. Алпысбаев «Діни бірлестік-ұлт тұрақтылығының кепілі» тақырыбында баяндама жасады. Ол өз сөзінде елімізде діни экстремизмге қарсы атқарылып жатқан нақты шараларға тоқталды. Жастарды дінімізді қадірлеп, мәдениетімізді сақтап, рухани байлығымызға нұқсан келтіретін зиянды жаман әдеттен аулақ болуға шақырды. Елімізде жалпыға ортақ бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту жолында атқарылып жатқан жарқын істерді атап өтіп, діни экстремизм мен терроризмнің қаупі туралы айтып берді. Ауыл имамы К. Турабаев жастар бойында дәстүрлі діндерге деген құрметті қалыптастырудың маңызын сөз етті. «Дінтану» пәнінің

Шараны Түймекент ауылдық округі әкімінің орынбасары Т. Мысықбаев ашып, жүргізіп отырды. Аталмыш орталықтың бөлімше басшысы Ерзат Жақыпов алдымен «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» басты міндеті-облысымыздағы діни ахуалды зерделеу және талдау, радикалды, деструктивті және тоталитарлық ұйымдардың құрбанына айналған адамдарға психологиялық, құқықтық және тәжірибелік көмек көрсету болып табылатындығын айтты. Елімізде дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер жайында толық мәлімет беріп, экстремизм мен терроризмнің адамзат пен қоғамға, жалпы бүкіл әлемге төндіріп отырған қаупі туралы кеңінен әңгімелеп берді. Ислам дінінің экстремизм мен терроризмге еш қатысы жоқтығын, дін атын жамылған бұл кері ағымдардың жасап жатқан іс әрекеттері дінімізге қайшы екендігін айтып, діни фанатизм,

діни радикализм, діни экстремизмнің мақсатына, діни ағымдар: «Салафиттер», «Хизбут-тахир», «Таблиғи-жамағат», «Иегово куәгерлері» секілді діни ұйымдардың негізгі ұстанымы мен мақсатына жеке-жеке тоқталды. Осы

ағымдардың құрбаны болған жастар, олардың отбасы, талқыға түскен тағдырлары туралы бейнефильмдерді тыңдарман назарына ұсынды. Жалпы радикализм, діни экстремизм және терроризмнің барлық нысандарымен және көріністерімен күрес, ислам дінінің құндылықтары көркем тілмен әрі түсінікті жеткізілді.

«Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал» деп Елбасымыз өзінің «Қазақстан – 2050» атты Жолдауында қадап айтқан болатын. Олай болса, жастарымыз дінімізге деген адалдықты сақтауға міндетті, -деп сөзін түйіндеді Ерзат Жасқанбайұлы.

Жиында осы орталықтың инспекторы Бағлан Қырғызбаев ата дініміздің қоғамдағы рөлі туралы пікірімен бөлісті. Байзақ ауданының Құрметті азаматы С. Мамырбаев түрлі ағымдарға қарсы тұру үшін діни сауаттылықты көтерудің маңызын тілге тиек етсе, аталмыш мектептің директоры Ш. Қапарова келген қонақтарға алғысын айтып, балалардың руханиятына қатысты құндылықтар, ата-аналардың міндеті туралы пікірін ортаға салды. Өз кезегінде «Жастар орталығының» нұсқаушысы Ж. Айтуғанов болса жастар арасында осындай тағылымы мол шараларды жиі өткізіп тұрудың маңыздылығын қозғалды.

Жиында жастар арасында діни сауаттылықты көтеруде осындай танымдық жүздесулердің берер пайдасы мол екендігі атап өтілді. Ұлттар мен діни конфессиялар арасында келісім мен төзімділікті нығайту, тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру және деструктивті радикалды ағымдардың алдын алу, олардың таралуына жол бермеу бағытында буклеттер таратылды.

Жас жасақшылар – мектептегі полиция инспекторының ОҢ ҚОЛЫ

Қ. Қуатбекова,
Үлгілі орта мектептің тәлімгері.

Кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстың алдын алу үшін білім ошағының құқық кеңесінің жанынан жас жасақшылар тобы құрылып, жұмысқа «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері тартылды.

Үлгілі орта мектебінде жұмыс істеп жатқан жас жасақшылардың істемес кестесі жыл сайын белгіленіп, жүргізілген жұмыстарының есебі тыңдалады. Жастардың ерікті түрде, қызығушылықпен жүргізіліп келе жатқан бұл іске мектептің инспекторы, полиция аға лейтенанты М. Тоқабаевтың демеушілігімен жас жасақшыларға арнайы сыртқы киімдер тіктірілді. Әрі киімдер жас жасақшыларға табыс етілді.

Үлгілі ауылдық әкімі Д. Мадешов, ақсақалдар алқасының төрағасы Ә. Садуақасов, «ЖШС – 2007» ұжымының төрағасы Б. Еркебаев, Үлгілі бастауыш партия ұйымының төрайымы Д. Мельдебекова, мектеп директоры Ф. Шаухаров жаны жомарт азаматқа алғыстарын айтып, еңбегіне табыс тіледі.

Өзгеше үлгімен тігілген киімдерін киіп шыққан 9-сынып оқушылары Бағдат Мұхамеджанов, Бекжан Досмұратовтар мектеп инспекторымен бірге көше бойына қоқыс тастап, темекі шегіп, түнгі уақытта қоғамдық тыныштықты бұзған жасөспірімдерге заң талаптарын түсіндіреді. Жалпы ауыл ішінде қылмыстың алдын алуға көмектеседі.

Қоғамның тірегі тәртіп болса, тәртіп деген заң әрі бұл – бәріне бірдей екенін ұмытпауымыз керек.

«БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ», «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»
жобалары аясында

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

Жаңа оқу жылында оқушылардың толықтай сабаққа қатысуын қамту мақсатында ауданымыздағы барлық білім ордаларында 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығын қамтитын «Мектепке жол» республикалық акциясы қарқын алуда.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық уақытында көмек көрсету болып табылады. Аталмыш акция аясында оқушылар оқуға қажетті құрал-жабдық, мектеп формасы, спорттық киімдермен қамтылып келеді. Бұл тарапта ата-аналар мен ұстаздар қауымының, кәсіпкерлердің, түрлі сала қызметкерлерінің, демеушілердің көрсетер көмегі мол. Облыстық, аудандық әкімдік, мәслихат, басқарма, департаменттерінің



жаңе 9-сынып оқушысы А.Копбаевтарға мектеп сөмкесі мен оқу құралдарын табыс етті.

Акцияға өз тарапынан үлес қосқысы келетін, балалар үшін бар жақсылығын аямайтын «Жарық тарату» бастауыш партия ұйымының мүшелері де қарап қалған жоқ. Бастауыш партия ұйымы төрайымының іскерлік-ұйымдастырушылығымен осы орта мектептің он оқушысына (әрқайсысы 8000 теңгеден) мектеп формасы табыс етілді.



басшылары мен қызметкерлерінен бастап болашағымыз – балалардың алаңсыз мектепке баруына барынша жағдай жасалуда.

Жуырда Гагарин орта мектебінде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалына қарасты «Жарық тарату» бастауыш партия ұйымының төрайымы Шолпан Байтакованың ұйытқы болуымен «Нұр Отан» партиясының «Бақытты балалық», «Бақытты отбасы» жобаларына орай, «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылған болатын.

Шара барысында облыстық мәслихаттың депутаты О.Телеуов, аудандық мәслихаттың депутаттары Р.Сәрсенов пен А.Жамишжановтар әлеуметтік көмекке зәру он екі оқушыға, атап айтқанда, 2-сынып оқушылары А.Ақылжанов, Г.Урунова, Е.Бекмұхамбет, Г.Толемисова, 4-сынып оқушылары Г.Юлдашева, Б.Аманбаева, Н.Айтбаев, У.Жумагул, 5-сынып оқушысы Н.Юлдашев, 6-сынып оқушысы А.Жумағалиева, 7-сынып оқушысы А.Толемисоваға

«Бүгінгі акцияға қатысушылардың санасында жағдайым болған соң қол ұшымды соза салайын деген ойдан туындаған емес, елім, жерім деген әр азаматтың шынайы көңілі мен жүрегінен шығатын көмек болуы тиіс. Оған әр адам үлкен патриоттық сезіммен үлес қосуы керек. Өйткені акция тек қаржылай немесе заттай көмек көрсетумен шектелмейді. Әрбір ауыл тұрғыны мектепке бармай жүрген баланы көрсе, соның оқумен қамтылуына жәрдемдесіп, ауданда құрылған арнайы комиссияның назарына ұсынуы қажет. Сонда біз өз тарапымыздан акцияның нәтижелі өтуіне, әрі бір баланың болсын оқумен қамтылуына жәрдемдескен боламыз»-дейді бізбен әңгімесінде бастауыш ұйымның төрайымы Шолпан Қайратқызы.

Жыл сайын балаларға мейірім мен шуағын төге келетін акция өз жалғасын тауып, көпшілік көмегімен өз дәрежесінде өтіп келеді. Алдағы уақытта да көмекке зәру балдырғандар үшін мектепке барар жол алыстамай, жақындай түседі деп сенеміз.

ЗАҢДЫЛЫҚТАР қатаң сақталуға тиіс

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының, 3-тармағы, 1)-тармақшасында егерде, елді мекеннің Бас жоспары немесе белгіленген тәртіппен бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары немесе құрылыс салу жобалары болмаса, елді мекендерде немесе қонысаралық аумақтарда құрылыс салуға рұқсат берілмейді деп көрсетілген.

«Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 44-ші бабы 5-1 тармағында. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге тұрғын үйлер, оның ішінде жеке тұрғын үйлер салуға осы елді мекеннің бекітілген бас жоспарына (немесе шағын ауылдық елді мекендердің бас жоспарын алмастыратын өзге де жобалау құжаттамасына) сәйкес көрсетілген жерлерді елді мекендер жерінің санатына ауыстырғаннан кейін ғана және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы немесе осы учаскелерде құрылыс салу жобасы болғанда ғана жол беріледі.

Осыған байланысты әр азамат жер теліміне кезекке тұруы тиіс. Құжаттарын аудандық жер мәселелері жөніндегі комиссияға өткізіп, келісімін алғаннан кейін ауылдық округ әкімінің шешімін, шешім дайын болғаннан кейін жер теліміне жер кадастры бөлімінен мемлекеттік актісін алып, ХҚКО тіркеледі. Ал шағын кәсіпкерлік құрылыстарға, жер телімі аукцион арқылы беріледі.

Енді сол жер теліміне құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін аудандық газ шаруашылығы бөлімінен, телекоммуникация торабынан, өрт сөндіру бөлімінен, электр қуатын

тарату жүйесінен техникалық жағдай жинап, аудандық (ХҚКО) халыққа қызмет көрсету орталығына өтініш жазып «СЖТ» (сәулет жобалау тапсырмасын) алады. Лицензиясы бар жобалаушы үйдің жобасын дайындап, оны сараптамадан өткізеді.

Осыдан кейін дайын болған құжаттарды облыс әкімдігінің сәулет, құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасына өткізіп, сол жерден тұрғын үй соғу үшін хабарлама (талон) береді. Жобада көрсеткен материалдар бойынша тұрғын үй тұрғызылып болғаннан кейін аудан әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөліміне үйді пайдалануға қабылдауға өтініш білдіріп, қабылдау комиссиясы үйді пайдалануға қабылдайды. ХҚКО тіркеледі.

Егер де үй жобадағы көрсетілген материалдан бөлек немесе саз батпақтан, саманнан салынған болса комиссия мүшелері сіздің үйіңіздің зіл-залаға шыламайтынын айтып, сейсмикалық институттан сейсмоскүшейтеу жобасын алуды талап етеді. Осы талаптарды орындаған кезде сейсмологиялық институттың жасап берген жобасын, салынып қойған саман үйге қолданып, оны қайтадан пайдалану комиссиясына ұсынасыз.

Көрсетілген зіл-залаға қарсы жасалған жобаға сәйкес талаптарды орындаған жағдайда ғана тұрғын үйдің пайдалану комиссиясының қабылдауынан өтетінін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс заңының 17-бабының, 1-тармақ, 7)-тармақшасында өз бетінше рұқсат құжаттарын алмай соғылған құрылыс нысандары мен нелері жоғарыдағы заңды бұзған азамат ретінде Қазақстан Республикасының заң актілері бойынша жауапқа тартылатынын естеріңізге саламыз.

Палата предпринимателей ИНФОРМИРУЕТ

Филиал Палаты предпринимателей в Байзақском районе информирует предпринимателей района о нововведениях в законодательстве РК - о введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), где внесены изменения в соответствии с Законом РК от 28 ноября 2014 года № 257-V, которые вводятся в действие с 1 января 2015 года.

Данными изменениями предусмотрены меры по проведению налоговой амнистии путём освобождения от пени и штрафов, числящихся на лицевых счетах налогоплательщиков по состоянию на 1 января 2014 года и не уплаченных по состоянию на 1 октября 2014 года.

Так, статья 32-2 Закона установлено, что не признаётся налоговой задолженностью и не подлежит внесению в бюджет, а также подлежит списанию в порядке, установленном уполномоченным органом, сумма пеней, числящихся на лицевых счетах налогоплательщиков по состоянию на 1 января 2014 года и не уплаченная по состоянию на 1 октября 2014 года.

В случае уплаты суммы пеней по видам налогов и других обязательных платежей в бюджет в период с 1 января 2014 года по 1 октября 2014 года, данная сумма подлежит зачислению в бюджет в счёт уплаты суммы пеней по таким видам налогов и других обязательных платежей в бюджет, образованной до 1 января 2014 года.

Вместе с тем налоговая амнистия не распространяется на крупных налогоплательщиков, состоящих на мониторинге, а также осуществляющих

деятельность в сфере недропользования, игорного бизнеса и производства подакцизных товаров, а также участвующих в разбирательствах в международном арбитраже по вопросам исполнения их налоговых обязательств.

Также статья 32-3 Закона установлено, что не признаётся налоговой задолженностью и не подлежит списанию в порядке, установленном уполномоченным органом, сумма штрафа, наложенная до 1 января 2014 года и не уплаченная по состоянию на 1 октября 2014 года, за правонарушения в области налогообложения, нарушение законодательства о пенсионном обеспечении и (или) обязательном социальном страховании в соответствии с Кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Вышеуказанная мера позволяет налогоплательщикам района направить высвободившиеся средства на развитие и расширение бизнеса, а тем самым усилит потенциал внутренних инвестиций, поскольку одной из основных проблем, препятствующих развитию предпринимательства, является отсутствие достаточных финансовых ресурсов для обеспечения собственных инвестиционных и оборотных потребностей.

По всем интересующим вопросам просим обращаться в филиал РПН в Байзақском районе по адресу: Байзақский район, село Сарыкемер, ул. Байзақ Батыра, дом 101 «д».

Контактные телефоны - сот.: 87057333560, 87712328833, раб.тел.: 8726372-26-60.

ТЕЛЕДИДАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Дүйсенбі 17 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

07.00 “Таңшолпан”. 08.00, 09.30 Жаңалықтар. 10.00 М/ф “Алга, Диего”. 10.50, 21.05 “Айтұға оңай”. 11.35, 19.30 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”. 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 03.00 Жаңалықтар. 12.45 “Еңбек түбі-береке”. 12.50 “Дауа”. 13.25 “Білгірлер бәйгесі”. 14.10 “Ақсауыт”. 14.45 М/с “Білгіштер”. 15.00 “Әйел бақыты”. Ток-шоуы. 16.10, 22.40 Т/х “Жүрегің сізге аманат”. 17.00 “Менің Қазақстаным”. 17.50 “Өзекжарды”. 18.10 “Ұлжан”. 18.55 “Бейбіт атом энергетикасын дамытудың сара жолында”. 19.10 “ЕХРО-2017”. 21.50 Т/х “Арман асуы”. 23.40 “Журналистік зерттеу”. 00.30 “Өзекжарды”. 00.50 Футбол. Ағылшын премьер-лигасы. П тур “Ливерпуль” - “Борнмут”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/с “Темный инстинкт”. 06.50 Жаңалықтар. 07.00 “Доброе утро”. 11.00 Т/с “А счастье где-то рядом”. 12.00 Т/с “Карпов”. 13.00 Т/х “Сүйген жар”. 13.50 “Ашығын айтқанда”. Ток-шоуы. 14.40 Т/х “Джодха және Акбар”. 15.30 Жаңалықтар. 15.40 “Наша война”. 16.45 “Давай поженемся!”. 17.50 “Пусть говорят”. 18.55 Т/с “Гол в Тоскане”. 20.00 “Главные новости”. 20.40 Т/х “Сүйген жар”. 21.40 “Басты жаңалықтар”. 22.20 Т/х “Джодха және Акбар”. 23.15 “П@yтina”. 23.40 Т/с “Крик совы”. 01.35 “П@yтina”. 02.00 “Ашығын айтқанда”. Ток-шоуы. 02.45 Т/х “Шпионские игры”. 03.30 “Контрольная закупка”.

АСТАНА

07.00, 01.15 Ән шашу. 08.00 “KAZNET”. 08.20 “Суперпапа”. 09.00, 16.10 Т/х “Жетім өссе”. 10.30 Т/с “Фериха”. 11.40, 18.30 Т/х “Махдубала”. 13.00, 20.50 Т/с “Одержимый”. 14.05 Х/ф “Соблазн”. 15.45 “Сырты бүтін...”. Деректі драма. 17.30, 22.00 Т/х “Фериха”. 20.00, 23.25 Жаңалықтар. 20.20 “Ел аузында”. 20.30 Новости. “20:30”. 22.00 “Сары, сері бала”. Алтынбек Қоразбаев. 23.45 “Новости “20:30”. 00.05 Т/х “Ғашық жігіт”.

ХАБАР

07.02 “Айтұмар”. 08.00 “Жаңа күн”. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 “Ду-думан”. 11.00 Новости. 11.10, 00.55 “Әр үйдің сыры басқа”. 11.45 “Магия кухни”. 12.20 “Подари детям жизнь”. 12.25 М/с “Маша и медведь”. 12.35 М/с “Джейк и пираты Нептландии”. 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Д/ф “Семейные мелодрамы”. 14.00 Т/с “Женский доктор”. 15.00 Новости. 15.15, 23.10 “Бұйымтай”. 16.00 “Өмір сабақтары”. Деректі драмасы. 16.30 Т/х “Күн сакшылары”. 17.00 Жаңалықтар. 17.15 “Көзкарас”. 17.45 Д/ф “Нұрлы жол. Шаңырақ”. 18.00 Новости. 18.10 Т/х “Сұлтан Сүлейман”. 19.00 “ТВ БИНГО”. 20.00, 23.55 Жаңалықтар. 20.30, 01.25 “Арнайы хабар”. 21.00, 00.25 Новости. 21.30 Т/с “Гречанка”. 22.20 Т/с “След”. 01.55 Жаңалықтар.

КТК

06.05 М/ф. 06.20 К/ф “Еңіс раз про любовь”. 07.35 Д/с “Вау”. 08.00 “КТК” қоржынынан ойын-сауықты бағдарлама. 08.50 “Базар жол алаңы!”. 09.50 “Дорога домой”. 10.00 Х/ф “На перепутье”. 11.50 Х/ф “Ошибки любви”. 13.45 “Очная ставка”. 14.45 “Беременная в 16”. Реалити-шоу. 15.45 “Шаншардан - ең кереметтері!”. 16.25 Т/х “Махаббат мұны”. 17.20 Т/х “Махаббатта шек бар ма?”. 18.30 Т/х “Тағдырмен тартыс”. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Вечерние новости. 21.30 Т/с “Узнай меня, если сможешь”. 23.20 Т/с “Морские дьяволы. Смерч”. 01.05 Т/с “Провинциал”. 01.50 “КТК” қоржынынан ойын-сауықты бағдарлама. 02.35 Жаңалықтар. 03.00 К/ф “Путешествие мсье Перришона”. 04.15 “Шаншардан - ең кереметтері!”.

31 КАНАЛ

06.00 “Ризамын”. 07.00 Т/х “Сүйген сұлу”. 09.00 Т/х “Әкетай”. 10.00 Т/с “Счастливы вместе”. 11.00 Х/ф “Оттенная стена”. 13.00 М/ф. 14.00 Т/х “Алғашқы махаббат”. 15.00 Т/х “Әкетай”. 16.00 “Ералаш”. 17.00 Т/с “Пляж”. 19.00 Т/х “Дурная кровь”. 20.00 “Информбюро”. 21.00 Т/х “Сүйген сұлу”. 23.00 Т/х “Алғашқы махаббат”. 00.00 “Алдараспан, шаншар, нысана күнделігі”. 01.00 Х/ф “Тупой и еще тупее”. 03.00 Х/ф “Скуби-ду-3: Тайна начинается”. 05.00 “Казакша концерт”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

07.30 Концерт. 09.30 Жаңалықтар. 10.00 “Дәстүр дидар”. 10.10 “Телебюлет”. 10.15 “Сазды әуен”. 10.30 “Телемаркет”. 10.35 “Бірінші студия”. 11.00 “Балаларға базарлық”. 11.25 “Сөз маржан”. 11.30 “Телебюлет”. 11.35 “Күй күмбірі”. 11.45 Т/с “Фаворский”. 12.35 Деректі фильм. 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Новости. 13.20 “Жаңа айна”. 13.45 “Телебюлет”. 13.50 “Телемаркет”. 13.55 “Әулиета әуендері”. 14.05-17.50-техникалық үзіліс. 17.55 “Бірінші студия”. 18.20 Жаңалықтар. 18.35 Новости. 18.50 “Телемаркет”. 19.00 “Телебюлет”. 19.05 “Сазды әуен”. 19.15 Т/с “Фаворский”. 20.00 Жаңалықтар. 20.20 Новости. 20.40 “Телебюлет”. 20.45 “Күй күмбірі”. 20.55 “Тарих таным”. 21.10 “Общество и закон”. 21.25 “Сөз маржан”. 21.30 “Телемаркет”. 21.40 “Телебюлет”. 21.45 “Әулиета әуендері”. 21.55 Көркем фильм. 23.25 Т/х. 00.00 Жаңалықтар. 00.20 Новости. 00.40 “Телебюлет”. 00.45 “Сазды әуен”.

Сейсенбі 18 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

07.00 “Таңшолпан”. 08.00, 09.30 Жаңалықтар. 10.00, 21.50 Т/х “Арман асуы”. 10.50, 21.05 “Айтұға оңай”. 11.35, 19.35 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”. 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 03.00 Жаңалықтар. 12.45 “ЕХРО-2017”. 13.10, 02.15 “Алаң”. Ток-шоуы. 13.55, 01.20 “Сыр-сұхбат”. 14.25 М/с “Стин”. 14.50 М/с “Білгіштер”. 15.00 “Әйел бақыты”. Ток-шоуы. 16.10, 22.40 Т/х “Жүрегің сізге аманат”. 17.05, 01.50 “Жарқын бейне”. 17.50 “Өзекжарды”. 18.10 “Ұлжан”. 19.05, 00.55 “Қылмыс пен жаза”. 23.40 “Журналистік зерттеу”. 00.35 “Өзекжарды”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/с “Шпионские игры”. 06.50 Жаңалықтар. 07.00 “Доброе утро”. 11.00 Т/с “А счастье где-то рядом”. 12.00 Т/с “Карпов”. 13.00 Т/х “Сүйген жар”. 13.50 “Ашығын айтқанда”. Ток-шоуы. 14.40 Т/х “Джодха және Акбар”. 15.30 Жаңалықтар. 15.40 “Наша война”. 16.45 “Давай поженемся!”. 17.50 “Пусть говорят”. 18.55 Т/с “Гол в Тоскане”. 20.00 “Главные новости”. 20.40 Т/х “Сүйген жар”. 21.40 “Басты жаңалықтар”. 22.20 Т/х “Джодха және Акбар”. 23.15 “П@yтina”. 23.40 Т/с “Крик совы”. 01.35 “П@yтina”. 02.00 “Ашығын айтқанда”. Ток-шоуы. 02.45 Т/х “Шпионские игры”. 03.30 “Контрольная закупка”.

АСТАНА

07.00, 01.15 Ән шашу. 07.20, 20.30, 23.45 Новости. 07.40, 20.00, 23.25 Жаңалықтар. 08.00 “Күдітпен”. 08.30 “Такси”. 09.00, 15.15 Т/х “Жетім өссе”. 10.30 Т/с “Фериха”. 11.40, 18.30 Т/х “Махдубала”. 13.00 “Ән мен әзіз” концерттік. 14.10, 20.50 Т/с “Одержимый”. 16.35 “KAZNET”. 17.00 “Такси”. 17.30, 22.00 Т/х “Фериха”. 20.20 “Ел аузында”. 23.00 Жаңалықтар. “Той жыры”. 00.05 Т/х “Ғашық жігіт”.

ХАБАР

07.02 “Айтұмар”. 08.00 “Жаңа күн”. 10.00 Жаңалықтар. 10.10, 21.30 Т/с “Гречанка”. 11.00 Новости. 11.10, 01.40 Д/ф “Әр үйдің сыры басқа”. 11.45 “Магия кухни”. 12.20 “Подари детям жизнь”. 12.25 М/с “Маша и медведь”. 12.35 М/с “Джейк и пираты Нептландии”. 13.00 Жаңалықтар. 13.15 Д/с “Семейные мелодрамы”. 14.00 Т/с

“Женский доктор”. 15.00 Новости. 15.15, 00.55 “Бұйымтай”. 16.00 “Өмір сабақтары”. Деректі драмасы. 16.30 Т/х “Күн сакшылары”. 17.00 Жаңалықтар. 17.15 “Көзкарас”. 17.45 “Экономикс”. 18.00 Новости. 18.15 Т/х “Сұлтан Сүлейман”. 19.10 “Біздің үй”. 20.00, 23.55 Жаңалықтар. 20.30 “Бюро расследований”. 21.00, 00.25 Новости. 22.20 Т/с “След”. 23.10 “Жекпе-жек”. 02.10 Жаңалықтар.

КТК

06.05 М/ф. 06.15 Д/с “Вау”. 06.40 “КТК” қоржынынан ойын-сауықты бағдарлама. 07.25 Т/х “Карадайы”. 08.30 Жаңалықтар. 09.00 Т/х “Сарай ханымдары”. 10.00 “Верное средство”. 12.00 Новости. 12.30 Т/с “Морские дьяволы. Смерч”. 14.25 “Семейные драмы”. 16.25 Т/х “Махаббат мұны”. 17.20 Т/х “Махаббатта шек бар ма?”. 18.30 Т/х “Тағдырмен тартыс”. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Вечерние новости. 21.30 Т/с “Узнай меня, если сможешь”. 23.20 Т/с “Морские дьяволы. Смерч”. 01.05 Т/с “Провинциал”. 01.50 “КТК” қоржынынан ойын-сауықты бағдарлама. 02.35 Жаңалықтар. 03.00 Т/х “Сарай ханымдары”. 03.45 Т/х “Карадайы”. 04.40 Д/с “Вау”.

31 КАНАЛ

06.00 “Ризамын”. 07.00 Т/х “Сүйген сұлу”. 09.00 Т/х “Әкетай”. 10.00 Т/с “Счастливы вместе”. 11.00 Т/с “Дурная кровь”. 12.00 М/с. 13.00 М/ф. 14.00 Т/х “Алғашқы махаббат”. 15.00 Т/х “Әкетай”. 16.00 “Ералаш”. 17.00 Т/с “Пляж”. 19.00 Т/с “Дурная кровь”. 20.00 “Информбюро”. 21.00 Т/х “Сүйген сұлу”. 23.00 Т/х “Алғашқы махаббат”. 00.00 “Алдараспан, шаншар, нысана күнделігі”. 01.00 Х/ф “Кобра”. 03.00 Х/ф “Запрещённый приём”. 05.00 “Казакша концерт”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

07.30 Көркем фильм. 09.30 Жаңалықтар. 09.50 Новости. 10.10 “Телебюлет”. 10.15 “Сазды әуен”. 10.30 “Телемаркет”. 10.35 “Бірінші студия”. 11.00 “Балаларға базарлық”. 11.25 “Сөз маржан”. 11.30 “Телебюлет”. 11.35 “Күй күмбірі”. 11.45 Т/с “Фаворский”. 12.35 Деректі фильм. 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Новости. 13.20 “Балаларға базарлық”. 13.45 “Телебюлет”. 13.50 “Телемаркет”. 13.55 “Әулиета әуендері”. 14.05-17.50-техникалық үзіліс. 17.55 “Ауылға кел, ағайын!”. 18.10 “Тран”. 18.20 Жаңалықтар. 18.35 Новости. 18.50 “Телемаркет”. 19.00 “Телебюлет”. 19.05 “Сазды әуен”. 19.15 Т/с “Фаворский”. 20.00 Жаңалықтар. 20.20 Новости. 20.40 “Телебюлет”. 20.45 “Күй күмбірі”. 20.55 “Сыр-періне”. 21.25 “Сөз маржан”. 21.30 “Телемаркет”. 21.40 “Телебюлет”. 21.45 “Әулиета әуендері”. 21.55 Көркем фильм. 23.25 Т/х. 00.00 Жаңалықтар. 00.20 Новости. 00.40 “Телебюлет”. 00.45 “Сазды әуен”.

Сәрсенбі 19 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

07.00 “Таңшолпан”. 08.00, 09.30 Жаңалықтар. 10.00, 21.50 Т/х “Арман асуы”. 10.50, 21.05 “Айтұға оңай...”. 11.35, 19.35 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”. 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 03.00 Жаңалықтар. 12.45, 01.00 “Қылмыс пен жаза”. 13.10, 01.55 “Поэзия әлемі”. 13.40 “Ғасырлар үні”. 14.25 М/с “Стин”. 14.50 М/с “Білгіштер”. 15.00 “Әйел бақыты”. Ток-шоуы. 16.10, 22.40 Т/х “Жүрегің сізге аманат”. 17.05 “Қазақ даласының құпиялары”. 17.50 “Өзекжарды”. 18.10 “Ұлжан”. 19.05 “Конституцияға 20 жыл”. 00.35 “Өзекжарды”. 01.25 Д/ф “Қазақ даласының құпиялары”. 02.25 “Шарайна”. Телесахат.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/с “Шпионские игры”. 06.50 Жаңалықтар. 07.00 “Доброе утро”. 11.00 Т/с “А счастье где-то рядом”. 12.00 Т/с “Карпов”. 13.00 Т/х “Сүйген жар”. 13.50 “Ашығын айтқанда”. Ток-шоуы. 14.40 Т/х “Джодха және Акбар”. 15.30 Жаңалықтар. 15.40 “Наша война”. 16.45 “Давай поженемся!”. 17.50 “Пусть говорят”. 18.55 Т/с “Гол в Тоскане”. 20.00 “Главные новости”. 20.40 Т/х “Сүйген жар”. 21.40 “Басты жаңалықтар”. 22.20 Т/х “Джодха және Акбар”. 23.15 “П@yтina” бағдарламасы. 23.40 Т/с “Крик совы”. 01.35 “П@yтina” бағдарламасы. 02.00 “Ашығын айтқанда”. Ток-шоуы. 02.45 Т/с “Шпионские игры”. 03.30 “Контрольная закупка”.

АСТАНА

07.00, 01.20 Ән шашу. 07.35, 20.30, 23.50 Новости. 07.55, 20.00, 23.30 Жаңалықтар. 08.15, 23.00 “Әзілстан”. 08.30 “Такси”. 09.00, 15.15 Т/х “Жетім өссе”. 10.30 Т/с “Фериха”. 11.40, 18.30 Т/х “Махдубала”. 13.00 М/ф “Ақжүзі”. 13.10 “Дүние жарық”. 13.35 “Калжың-қоржын”. 14.00 М/ф “Волк и семеро козлят”. 14.10, 20.50 Т/с “Одержимый”. 16.35 “KAZNET”. 17.00 “Такси”. 17.30, 22.00 Т/х “Фериха”. 20.20 “Ел аузында”. 00.10 Т/х “Ғашық жігіт”.

ХАБАР

07.02 “Айтұмар”. 08.00 “Жаңа күн”. 10.00 Жаңалықтар. 10.10, 21.30 Т/с “Гречанка”. 11.00 Новости. 11.15, 01.45 Д/ф “Әр үйдің сыры басқа”. 11.50 “Магия кухни”. 12.25 “Подари детям жизнь”. 12.30 М/с “Маша и медведь”. 12.40 М/с “Джейк и пираты Нептландии”. 13.00 Жаңалықтар. 13.15 Д/ф “Семейные мелодрамы”. 14.00 Т/с “Женский доктор”. 15.00 Новости. 15.15, 00.00 “Бұйымтай”. 16.00 “Өмір сабақтары”. Деректі драмасы. 16.30 Т/х “Күн сакшылары”. 17.00 Жаңалықтар. 17.15 “Көзкарас”. 17.45 Д/ф “Нұрлы жол. Болашақ”. 18.00 Новости. 18.15 Т/х “Сұлтан Сүлейман”. 19.10, 23.10 “Біздің үй”. 20.00, 00.45 Жаңалықтар. 20.30 “Мерейлі отбасы” күнделігі. 21.00, 01.15 Новости. 22.20 Т/с “След”. 02.15 Жаңалықтар.

КТК

06.05 М/ф. 06.15 Д/с “Вау”. 06.40 “КТК” қоржынынан ойын-сауықты бағдарлама. 07.25 Т/х “Карадайы”. 08.30 Жаңалықтар. 09.00 Т/х “Сарай ханымдары”. 10.00 “Верное средство-2”. 12.00 Новости. 12.30 Т/с “Морские дьяволы. Смерч”. 14.25 “Семейные драмы”. 16.25 Т/х “Махаббат мұны”. 17.20 Т/х “Махаббатта шек бар ма?”. 18.30 Т/х “Тағдырмен тартыс”. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Вечерние новости. 21.30 Т/с “Узнай меня, если сможешь”. 23.20 Т/с “Морские дьяволы. Смерч”. 01.05 Т/с “Провинциал”. 01.50 “КТК” қоржынынан ойын-сауықты бағдарлама. 02.35 Жаңалықтар. 03.00 Т/х “Сарай ханымдары”. 03.45 Т/х “Карадайы”. 04.40 Д/с “Вау”.

31 КАНАЛ

06.00 “Ризамын”. 07.00 Т/х “Сүйген сұлу”. 09.00 Т/х “Әкетай”. 10.00 Т/с “Счастливы вместе”. 11.00 Т/с “Дурная кровь”. 12.00 М/ф “Бах Хумдук: Одинокое Рождество”. 13.00 М/ф. 14.00 Т/х “Алғашқы махаббат”. 15.00 Т/х “Әкетай”. 16.00 “Ералаш”. 17.00 Т/с “Пляж”. 19.00 Т/х “Дурная кровь”. 20.00 “Информбюро”. 21.00 Т/х “Сүйген сұлу”. 23.00 Т/х “Алғашқы махаббат”. 00.00 “Алдараспан, шаншар, нысана күнделігі”. 01.00 Х/ф “Убийство в Белом доме”. 03.00 Х/ф “Мех: Воображаемый портрет Дианы Арбус”. 05.00 “Казакша концерт”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

07.30 Концерт. 09.30 Жаңалықтар. 09.50 Новости. 10.10 “Телебюлет”. 10.15 “Сазды әуен”. 10.30 “Телемаркет”. 10.35 “Ауылға кел, ағайын!”. 10.50 “Тран”. 11.00 “Балаларға базарлық”. 11.25 “Сөз маржан”. 11.30 “Телебюлет”. 11.35 “Күй күмбірі”. 11.45 Т/с “Фаворский”. 12.35 Деректі фильм. 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Новости. 13.20 “Балаларға базарлық”. 13.45 “Телебюлет”. 13.50 “Телемаркет”. 13.55 “Әулиета әуендері”. 14.05-техникалық үзіліс. 17.55 “Ән өзі тану”. 18.20 Жаңалықтар. 18.35 Новости. 18.50 “Телемаркет”. 19.00 “Телебюлет”. 19.05 “Сазды әуен”. 19.15 Т/с “Фаворский”. 20.00 Жаңалықтар. 20.20 Новости. 20.40 “Телебюлет”. 20.45 “Күй күмбірі”. 20.55 “Первая студия”. 21.20 “Сөз маржан”. 21.30 “Телемаркет”. 21.40 “Телебюлет”. 21.45 “Әулиета әуендері”. 21.55 Көркем фильм. 23.25 Т/х. 00.00 Жаңалықтар. 00.20 Новости. 00.40 “Телебюлет”. 00.45 “Сазды әуен”.

Бейсенбі 20 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

07.00 “Таңшолпан”. 08.00, 09.30 Жаңалықтар. 10.00, 21.50 Т/х “Арман асуы”. 10.50, 21.05 “Айтұға оңай...”. 11.35, 19.30 Т/х “Қызыл сарайдағы түс”. 12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 03.05 Жаңалықтар. 12.45 “Ағробизнес”. 13.10 “Конституцияға 20 жыл”. Арнайы жоба. 13.30 “Сіз не дейсіз?”. 14.00 “Жан жылуы”. 14.25 М/с “Стин”. 14.50 М/с “Білгіштер”. 15.00 “Әйел бақыты”. Ток-шоуы. 16.10, 22.40 Т/х “Жүрегің сізге аманат”. 17.05, 02.20 Д/ф “Қазақ даласының құпиялары”. 17.50 “Өзекжарды”. 18.10 “Ұлжан”. 19.05 “Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс”. 00.20 Футбол. УЕФА Еуропа лигасы. Плей-Офф раунды. Бірінші матч. “Бордо” - “Кайрат” (Қазақстан). 02.45 “Өзекжарды”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/с “Шпионские игры”. 06.50 Жаңалықтар. 07.00 “Доброе утро”. 11.00 Т/с “А счастье было где-то рядом”. 12.00 Т/с “Карпов” (закл. сер.). 13.00 Т/х “Сүйген жар”. 13.50 “Ашығын айтқанда”. Ток-шоуы. 14.40 Т/х “Джодха және Акбар”. 15.30 Жаңалықтар. 15.40 “Наша война”. 16.45 “Давай поженемся!”. 17.50 “Пусть говорят”. 18.55 Т/с “Гол в Тоскане”. 20.00 “Главные новости”. 20.40 Т/х “Сүйген жар”. 21.40 “Басты жаңалықтар”. 22.20 Т/х “Джодха және Акбар”. 23.15 “П@yтina”. 23.40 Т/с “Крик совы”. 01.35 “П@yтina” бағдарламасы. 02.00 “Ашығын айтқанда”. Ток-шоуы. 02.45 Т/с “Шпионские игры”. 03.30 “Контрольная закупка”.

АСТАНА

07.00, 01.05 Ән шашу. 07.35, 20.30, 23.45 Новости “20:30”. 07.55, 20.00, 23.25 Жаңалықтар. 08.15 “Әзілстан” жасырын түсірілім. 08.30 “Такси”. 09.00, 15.15 Т/х “Жетім өссе”. 10.30 Т/х “Фериха”. 11.40, 18.30 Т/х “Махдубала”. 13.00 “Астана кеші көнілі” концерттік шоуы. 14.10, 20.50 Т/с “Одержимый”. 16.35 “KAZNET”. 17.00 “Такси”. 17.30, 22.00 Т/х “Фериха”. 20.20 “Ел аузында”. 23.00 “Сырты бүтін...”. 00.05 Т/х “Ғашық жігіт”.

ХАБАР

07.02 “Айтұмар”. 08.00 “Жаңа күн”. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 Т/с “Гречанка”. 11.00 Новости. 11.15, 20.30 “Мерейлі отбасы”. Күнделігі. 11.45 “Магия кухни”. 12.20 “Подари детям жизнь”. 12.25 М/с “Джейк и пираты Нептландии”. 13.00 Жаңалықтар. 13.15 Д/ф “Семейные мелодрамы”. 14.00 Т/с “Женский доктор”. 15.00 Новости. 15.15, 00.00 “Бұйымтай”. 16.00 “Өмір сабақтары”. Деректі драмасы. 16.30 Т/х “Күн сакшылары”. 17.00 Жаңалықтар. 17.15 “Көзкарас”. 17.45 Д/ф “Нұрлы жол. Табыс”. 18.00 Новости. 18.15 Т/х “Сұлтан Сүлейман”. 19.10 “Жекпе-жек”. 20.00, 00.45 Жаңалықтар. 21.00, 01.15 Новости. 21.30 Т/с “Дом на Озерной”. 22.20 Т/с “След”. 23.10 “Біздің үй”. 01.45 “Әр үйдің сыры басқа”. Деректі драмасы. 02.15 Жаңалықтар.

КТК

06.05 М/ф. 06.15 Д/с “Вау”. 06.40 “КТК” қоржынынан ойын-сауықты бағдарлама. 07.25 Т/х “Карадайы”. 08.30 Жаңалықтар. 09.00 Т